- Құрылғыға оның бүйірлік қылшақтарын орнатыңыз (егер олар алынып тасталған болса). Ол үшін шаңсорғышты төменгі панелімен жоғары қарай қаратып еденде орналастырыңыз.
- Шаңсорғыштың әрбір бүйірлік қылшағын өз білігіне орнатып (суретке сәйкес L әріп жазуы бар қылшақты сол жақтағы L білікке, ал R әріп жазуы бар қылшақты оң жақтағы R білікке) кигізіңіз де, және шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілмейінше, оларды жоғарыдан төмен қарай сәл басу арқылы бекітіңіз.
- Робот-шаңсорғышты алғашқы рет қолданар алдында, оның аккумуляторын толығымен қуаттандыру керек, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «АКБ-ны ҚУАТТАНДЫРУ» тарауында көрсетілген нұсқауларын қарап шығыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ

Робот-шаңсорғыш пәтердегі немесе бөлмедегі кейбір өте алмайтын жерлерді, яғни оған өтуге қиын еден аумақтарын тазаламай жіберіп алуы не қалдырып кетуі мүмкін, себебі бұл бөлмедегі не үйдегі кеңістіктің құрделілігіне байланысты. Ең жақсы тазалаудың нәтижесіне қол жеткізу үшін роботты күнделікті пайдалануға ұсынылады.

Робот-шаңсорғышты пайдаланбас бұрын, бөлмедегі тазалау аймағында барлық кедергі жасап тұрған заттарды жылжытыңыз және еденнің үстінен электр құрылғылардың тарқатылған желілік сымдарын не электрлік баусымдарын, сондай-ақ балалар ойыншықтарын жинап алыңыз.



Кілемнің шет жағында шашақтар бар болса –тазалау барысында шашақтарды кілемнің астына қайырып жіберіңіз. Робот-шаңсорғышты тек қабаты берік әрі тегіс тұрмыстық бөлмежайдың қатты едендік жабыдарының барлық түрлерін және түктері төмен (түксіз) тықыр кілемдердің бетін құрғақ күйде тазалау үшін пайдаланыңыз.

Шаңсорғыш жұмыс істеп тұрған кезде, оған кедергі жасамайтындай етіп тұрыңыз, роботтың тазалау аймақтары өтетін жолда немесе есіктің ойығында тұрмаңыз, әйтпесе робот-шаңсорғыш бұл аймақтарды тазаламай қалдырып кетуі мүмкін.

Егер робот баспалдақ аралықтарының арасындағы аумақты тазалайтын болса немесе бөлмедегі жиһаздың арасындағы қашықтық аз болса, робот-шаңсорғышқа кедергіні орнатып қойыңыз.

1. Шаңсорғышқа алдын ала тазаланған шаңжинағыш контейнерін орнатыңыз да, оны басқару панелімен жоғары қарайтындай етіп еденде орналастырыңыз.


Робот-шаңсорғышты іске қосу үшін шаңсорғыштың басқару панелінде орналасқан мына



белгісі бар сенсорлық батырмасын басыңқырап ұстап тұрыңыз, сол сәтте шаңсорғыштың бір реттік дыбыстық сигналы естіледі. Дисплейдің бетінде ағымдағы уақыт көрсетіледі және оның индикациясы жылт-жылт етіп жанып, жыпылықтай бастайды. Робот-шаңсорғыш пәрмені күту тәртібі режимінде болады. Робот-шаңсорғышты сөндіру үшін басқару




панеліндегі мына белгісі бар сенсорлық батырмасын қайтадан басып, ұстап тұрыңыз. Робот-шаңсорғыш өшеді, оның дисплейі де сөнеді және шаңсорғыштың екі реттік дыбыстық сигналы естіледі.



2. Егер шаңсорғыш қосулы күйінде болса, тазалау үдересін бастау үшін мына белгісі бар сенсорлық батырмасын қайтадан бір мәрте ғана қысқа басыңқырап жіберіңіз. Шаңсорғыштың негізгі тазалау режимі іске қосылады да, робот бөлмедегі еденнің бетін автоматты түрде тазалауды бастайды.




Құрылғының басқару панеліндегі мына белгісі бар сенсорлық батырмасын қайтадан басқан кезде шаңсорғыш «күту режиміне» қайта ауысады.



3. Жергілікті тазалау режимін орнатып, іске қосу үшін басқару панеліндегі мына




белгісі бар сенсорлық батырмасын басыңыз. Робот жергілікті тазалау режимінде бөлмежайдағы 1 шаршы метр еден аумағын тазалауды бастайды.



4. Робот-шаңсорғышты зарядтау базасына қайта қайтарып жіберу үшін және оны қайта



қуаттандыру үшін шаңсорғыштың басқару панеліндегі мына белгісі бар сенсорлық батырмасын басыңыз.



ТАЗАЛАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ.


Тазалау сапасын жақсарту үшін шаңсорғышта әртүрлі тазалау бағдарламалар қарастырылған. Бұл тазалау бағдарламаларын іске қосу үшін шаңсорғыштың басқару панелін немесе оның қашықтан басқару пультін қолданыңыз.


Егер сіз негізгі тазалау бағдарламадан шығып, шаңсорғыштың басқа тазалау режимін таңдасаңыз, ал содан кейін негізгі тазалау режиміне қайта оралып оны іске қоссаңыз, сол сәтте робот-шаңсорғыш тазалау жолын қайтадан жоспарлап өзгертеді және бөлмедегі тазаланған еден аумағын қайтадан тазалауды бастайды.

Шаңсорғыштың тазалау бағдарламаларын іске қосу үшін алдымен робот қосулы күйінде екеніне және ол күту режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз.


1. Автоматты түрде тазалау бағдарламасы.

Бұл бағдарламада робот-шаңсорғыш алдымен тазарту аймағын анықтап алады да, содан кейін шаңсорғыш параллель сызықтар бойымен тазалауға қажетті аймақтың ауданы бойынша жылжып, тазалау жұмысын жүргізеді, яғни тазалауға қажетті аумақты тазарта бастайды. Шаңсорғыштың



автоматты түрде тазалау бағдарламасын іске қосу үшін роботтағы мына  белгісі бар сенсорлық батырмасын бір мәрте ғана қысқа басыңқырап жіберіңіз немесе шаңсорғыштың




қашықтан басқару пультінде орналасқан мына  белгісі бар батырмасын басыңыз.

2. Жергілікті тазалау режимі.

Шаңсорғыштың жергілікті тазалау режимін орнатып, іске қосу үшін робот-шаңсорғыштың басқару




панеліндегі мына  белгісі бар сенсорлық батырмасын бір мәрте ғана қысқа басыңқырап жіберіңіз немесе шаңсорғыштың қашықтан басқару пультіндегі сәйкесінше белгісі бар батырмасын басыңыз. Робот жергілікті тазалау режимінде бөлмежайдағы 1 шаршы метр еден аумағын тазалауды бастайды

3. Тазалау жұмысын бөлмедегі 4 қабырғалардың бойымен жүргізу бағдарламасы.

«Қабырғалардың бойымен» тазалауды бастау үшін шаңсорғыштың басқару панеліндегі немесе




қашықтан басқару пультіндегі мына сәйкесінше  белгісі бар батырмасын басыңыз.

5. Робот-шаңсорғышты зарядтау базасына қайтарып жіберу батырмасы.

Тазалау барысында робот-шаңсорғыштың аккумуляторлық батареясының қуаттандыруы толығымен таусылып қуатсызданып кеткен кезде робот автоматты түрде зарядтау базаға қайта оралады. Сондай-ақ, шаңсорғыштың қашықтықтан басқару пультіндегі немесе роботтың



корпусында орналасқан басқару панеліндегі мына  белгісі бар сенсорлық батырмасын басу арқылы оны зарядтау базасына бағыттап қайтарып жіберуге болады.

Турбо режимі.

Робот-шаңсорғыштың жұмысы барысында, оның қашықтан басқару пультіндегі мына



белгісі бар батырмасын басқан кезде роботтың жұмыс қарқындылығы «Турбо» режиміне дейін артады. Бұл батырмасын қайтадан басқан кезде робот-шаңсорғыш бұрынғы жұмыс қуатына ауысады.

ТАЗАЛАУ ҮДЕРІСІНІҢ БАСТАЛУЫНА ҚАЖЕТТІ УАҚЫТЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ АҒЫМДАҒЫ УАҚЫТТЫ РЕТТЕП ОРНАТУ.

Шаңсорғыштың басқару панеліндегі батырмаларын қолдана отырып, Сіз таймерде тазалау үдерісінің басталуына қажетті уақытты талаптарыңызға сай орната аласыз, сонымен қатар, бұл ретте таймерде ағымдағы уақытты да орнату керек.

Егер таймерде тазалау үдерісінің басталуына қажетті уақыт орнатылса, робот-шаңсорғыш күн сайын белгіленген уақытта автоматты түрде іске қосылып, зарядтау базасынан шығады да, тазалау жұмысын бастайды.

Ағымдағы уақытты реттеп орнату.



Робот-шаңсорғыштың басқару панеліндегі мына белгісі бар сенсорлық батырмасын басу арқылы шаңсорғышты іске қосыңыз. Ағымдағы уақытты орнату үшін шаңсорғыштың басқару



панеліндегі мына белгісі бар сенсорлық батырмасын басыңыз. Содан кейін мына



белгісі бар сенсорлық батырмасын қолдана отырып, апта күндерін таңдап орнатыңыз



және шаңсорғыштың басқару панеліндегі мына және мына белгісі бар сенсорлық батырмаларын басып, сағат және минут мәндерін белгілеңіз. Робот-шаңсорғыштың барлық параметрлерін белгілеп болған соң, оның жадысында барлық жаңадан енгізілген




мәліметтерін сақтау үшін мына белгісі бар сенсорлық батырмасын басыңыз. Егер де,



робот-шаңсорғыштың барлық параметрлерін белгілеп болған соң, мына белгісі бар сенсорлық батырмасын баспай сол күйінде қалдырсаңыз, барлық жаңадан белгіленген параметрлері құрылғының жадысында сақталмай жойылады.

Егер 5 минут ішінде ешқандай батырма басылмаса, уақытты орнату режимі бұрынғы қалпына келеді де, жаңадан белгіленген уақыттық параметрлері жойылады.



Тазалау үдерісінің басталуына қажетті уақытын белгілеу.




Робот-шаңсорғыштың басқару панеліндегі мына белгісі бар сенсорлық батырмасын

басу арқылы Сіз күту режимінен (ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ, 3-т. қараңыз) тазалау үдерісінің басталуына қажетті уақытты орнату режиміне және апта күндерін таңдап орнату режиміне ауыса



аласыз. Содан кейін шаңсорғыштың басқару панеліндегі мына белгісі бар сенсорлық батырмасын қолдана отырып, апта күндерін таңдап орнатыңыз және тазалау үдерісінің



басталуына қажетті уақытты орнату үшін басқару панеліндегі мына және мына




белгісі бар сенсорлық батырмаларын қолданыңыз.

Бұл мәзірде аптаның 7 күнінің әрқайсысы үшін бөлек тазалау уақытын белгілеуге болады, сонымен қатар робот аптаның қай күндері тазалауды жүргізетінін таңдауға болады.

Егер 5 минут ішінде ешқандай батырма басылмаса, уақытты орнату режимі бұрынғы қалпына келеді де, жаңадан белгіленген уақыттық параметрлері жойылады.

Робот-шаңсорғыштың барлық параметрлерін белгілеп болған соң, оның жадысында барлық



жаңадан енгізілген мәліметтерін сақтау үшін, оның басқару панеліндегі мына белгісі бар сенсорлық батырмасын басыңыз.



Робот тек тазалау үдерісінің басталуы үшін тазалау режимі белгіленген және тазалау үдерісінің басталу уақыты орнатылған аптаның сол күндерінде ғана тазалауды жүзеге асырады.

Робот-шаңсорғыштың жадысында аптаның белгілі бір күніне белгіленген тазалау режимін



болдырмау үшін шаңсорғыштың басқару панеліндегі мына белгісі бар сенсорлық




батырмасын басыңыз, содан кейін мына  белгісі бар сенсорлық батырмасын қолдана отырып, тазалау режимін қайта орнатқыңыз келетін аптаның күнін белгілеңіз. Құрылғының таблосында мына көрсетілген  белгі пайда болғанша, робот-шаңсорғыштың басқару




панеліндегі мына  белгісі бар сенсорлық батырмасын бірнеше рет басыңыз.


Робот-шаңсорғыштың жадысында барлық жанадан енгізілген мәліметтерді сақтау үшін, сонымен қатар бұл тазалау үдерісінің басталуына қажетті уақытты белгілеу және апта күндерін таңдап



орнату режимінен шығу үшін, шаңсорғыштың басқару панеліндегі мына көрсетілген сенсорлық батырмасын басыңыз.

Құрылғының қоректендіру элементтерін ауыстыру барысында барлық енгізілген параметрлер (реттеулер) жойылады. Құрылғыдағы аккумуляторлық батареяларын ауыстырғаннан кейін уақыттық параметрлерін қайта орнатуды ұмытпаңыз.





АКБ-ны ҚУАТТАНДЫРУ

1. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЗАРЯДТАУ БАЗАСЫН ПАЙДАЛАНУ

Құрылғының зарядтау базасын пайдалану барысында, АКБ-ны қуаттандыру қажеттілігі, сонымен қатар зарядтау базасының орналасқан жері құрылғы арқылы автоматты түрде анықталады.


Құрылғының зарядтау базасын тазаланатын бөлменің электр розеткасы бар қабырғасына жақын жерде орналастырыңыз, яғни электр розеткасының маңына жақын орналастырып қойыңыз, содан кейін – адаптердің ашасын электр розеткаға жалғастырыңыз. Адаптердегі сигнал индикаторы жанады.

Зарядтау базасының екі бүйір жағынан жарты метр қашықтықта, сондай-ақ оның алдыңғы жағынан 1 метр қашықтықта ешқандай кедергілер болмауы керек, бөлмедегі тазалау аймағында барлық кедергі жасап тұрған заттарды алыңыз. Сондай-ақ, құрылғының зарядтау базасы орналасқан аймағында және оның айналасында биіктік шегіндегі еденнен 15 см-ге дейін

қашықтықта айна сияқты заттар немесе жылу не жарық қатты шағылыстыратын беттер болмауы керек, егер мұндай беттер бар болса – оларды жабыңыз.


Құрылғының зарядтау базасын терезеге, терезенің алдына немесе терезенің қарсысында қоюға болмайды, әсіресе зарядтау құрылғы тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшырауы мүмкін болса.

Сигналды қабылдау мен таратуға кедергі келтірмеу үшін құрылғының зарядтау базасын ешқандай заттармен жаппаңыз. Бұл зарядтау функциясының істен шығуына әкелуі мүмкін.



Робот-шаңсорғышты зарядтау үшін басқару панеліндегі немесе қашықтан басқару пультінің



пәрменімен мына  белгісі бар батырмасын басып, роботты күту режимінен құрылғының зарядтау базасына бағыттаңыз, немесе оны зарядтау базасына қолмен орнатыңыз.

Зарядтау базадағы зарядтағыш істікше түйіспелері құрылғыдағы түйіспелеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

Аккумуляторлық батареясы қуатталып болғаннан кейін адаптерді электр желіге қосулы күйінде қадағалаусыз қалдырмаңыз. Егер де, құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, оның зарядтау базасын еденнің үстінде қалдырмаңыз.

Назар аударыңыз! Шаңсорғышты қуаттандыруға арналған зарядтау базадағы зарядтағыш істікше түйіспелеріне металл заттарды тигізіп, оларды өзарада матастыруға қатаң түрде тыйым салынады!

Робот-шаңсорғышты ұзақ уақытқа сақтау алдында АҚБ-ның істікшелі ағытпасын ажыратыңыз. Шаңсорғышты және АҚБ-ны теріс әсер ететін температурада сақтамаңыз.

1. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЗАРЯДТАУ БАЗАСЫН ПАЙДАЛАНБАЙ АҚБ-НЫ ҚУАТТАНДЫРУ

Адаптердің істікшесін шаңсорғыш құрылғының корпусында орналасқан сәйкесінше электр тізбегін біріктіретін және ажырататын электр жалғағыш істікшелі ағытпасына (зарядтау ұяшығына) кіргізіп жалғастырыңыз.

Адаптердің ашасын электр розеткаға жалғастырыңыз. АҚБ толығымен қуатталмағанша шаңсорғыштың зарядтау құрылғысың ажыратпаңыз. Адаптердегі индикатор жасыл түспен жанған кезде аккумуляторлық батареясының қуаттандыруы аяқталады. Аккумулятордың қуаттандыруы аяқталған соң, адаптердің ашасын әрдайым электр желісінен ажыратып тастаңыз және адаптердің істікшесін шаңсорғыштың корпусында орналасқан істікшелі ағытпасынан (зарядтау ұяшығынан) ажыратыңыз. Аккумуляторлық батареясы қуатталғаннан кейін адаптерді электр желіге қосулы күйінде қалдырмаңыз.

Ескертпе:

- Егер робот-шаңсорғыш ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған болса, құрылғының аккумуляторлық батареясының қуаттандыруын алдын ала толығымен зарядсыздандыру керек. Құрылғының аккумуляторлық батареясының қуаттандыруы толығымен қуатсызданып таусылып біткеннен кейін, әр 3 ай сайын жаттығуды өткізіп тұруға ұсынылады, ол үшін құрылғыны ең ұзақ уақытқа дейін іске қосуға тура келеді. Содан кейін АҚБ-ны толықтай қуаттандыру керек және

аккумуляторлық батареясының қуаттандыруы жартылай қуатсызданып отырмағанша құрылғыны қайтадан ең ұзақ уақытқа дейін іске қосуға қажет.


- Құрылғы оның аккумуляторлық батареясының қуаттандыруы жақын арада қуатсызданып таусылатыны жөнінде сигнал бергенде немесе батареясының қуаттандыруы толығымен зарядсызданып таусылған екенін білдірген кезде ғана АКБ-ны қуаттандыруға кеңес беріледі.

Жаңа АКБ-мен жабдықталған құрылғының автономды толық жұмыс жасау уақытысы 120 минутқа дейін жетуі мүмкін. Уақыт өте келе бұл көрсеткіштің мәні төмендеуі мүмкін.


Пайдалануға жарамсыз аккумуляторлық батареясын құрылғыдан суырып шығарып алыңыз да, кәдеге жаратыңыз. АКБ тұрмыстық қалдықтардан бөлек, кәдеге жаратудың жергілікті заңнаманың ережелері мен қағидаттарына сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс.

АКБ-ны АУЫСТЫРУ




1. Робот-шаңсорғышты оның басқару панеліндегі мына  белгісі бар сенсорлық батырмасын басу арқылы сөндіріңіз және шаңсорғышты төменгі панелімен жоғары қарай қаратып еденде орналастырыңыз.

2. Крест тәрізді оймакілтекті бұрауыштың (құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейді) көмегімен батарея бөлігінің қақпағыдағы бұрандалы шегелерін бұрап ашыңыз да, қақпағын шешіп алыңыз, бұл үшін қақпақты бұрандалы шегелердің орналасқан жағынан оны іліңістіріп алу қажет.



3. Ескі АКБ-ны батарея бөлігінен шығарып алыңыз да, оның істікшесін құралдағы зарядтауға арналған істікшелі ағытпасынан (зарядтау ұяшығынан) ажыратыңыз, ол үшін құлпының шаппасына басыңыз да, АКБ-ның жалғағыш істікшелі ағытпасын шаңсорғыштың корпусында орналасқан сәйкесінше электр тізбегін біріктіретін және ажырататын электр жалғағыш істікшелі ағытпасынан (ұяшығынан) суырып алыңыз. Жаңа АКБ-ны қосу үшін, АКБ-ның жалғағыш істікшелі ағытпасын шаңсорғыштың корпусында орналасқан сәйкесінше электр тізбегін біріктіретін және ажырататын электр жалғағыш істікшелі ағытпасына (ұяшығына) шертпек секілді сырт еткен дыбыс естілмейінше кіргізіп жалғастырыңыз. Егер АКБ-ның жалғағыш істікшелі ағытпасы шаңсорғыштың корпусындағы электр жалғағыш істікшелі ағытпасынан (ұяшығынан) ажырап кететін болса – оны жалғастыру үшін шамадан тыс күш салмаңыз. АКБ-ның жалғағыш істікшелі ағытпасы шаңсорғыштың сәйкесінше жалғағыш істікшелі ағытпасына дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз. АКБ-ны құрылғыдағы батарея орнатуға арналған бөлігіне абайлап салыңыз, оның байланыстыру сымдарын қатты басып қысып тастамаңыз.

4. Батарея бөлігінің қақпағын орнына орнатыңыз, оның бұрандалы шегелерін бұрап, қақпақты бекітіңіз.



ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

1. Құрылғыны тазалау және оған күтім көрсету алдында, құрылғы зарядтау құрылғыдан, ал зарядтау құрылғы – электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
2. Электрлік тоқпен зақымданбау үшін бұл құрылғыны, оның зарядтау құрылғысын ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды.
3. Шаңсорғышты немесе оның бөлшектері мен керек-жарақтарын тазалау үшін бензин, спирт және химиялық ерітінділерді пайдаланбаңыз.
4. Шаңсорғыштың металл бөліктерін таза, құрғақ мата сулықпен сүртіп шығыңыз.
5. Шаңсорғыштың пластик бөліктерін сәл ылғалды, сығылған мата сулықпен сүртіп шығыңыз. Құрылғының сыртқы корпусында су тамшылары қалмауы тиіс.
6. Шаңсорғыш құрғақ, салқын жерде сақталуы тиіс.


ШАҢСОРҒЫШ КОНТЕЙНЕРІН ТАЗАЛАУ

Шаңсорғышты тазалау және оған күтім көрсету алдында, оның қуат көзі әрдайым ажыратылуы керек.





Шаңсорғышты әрбір пайдаланғаннан кейін:

- Шаңсорғыштың корпусынан шаңжинағыш контейнерін шығарып алу үшін шаңжинағыш контейнердің тұтқасын көтеріңіз де, оны жоғары қарай тартыңыз.
- Содан кейін шаңжинағыш контейнердің қақпағын ашыңыз, ол үшін оның қақпағын ашуға арналған бекіткіш ілмегін ағытып, шаңжинағыш контейнердің қақпағын ашыңыз.
- Шаңжинағыш контейнерін қоқыс жәшігінің үстінен ұстап тұрып, оны сәл қағып-сілкіп шаң-тозан мен қоқыстан босатыңыз.



- HEPA-сүзгісін тазалау немесе алмастыру үшін, оны шаңжинағыш контейнерден алдын ала шешіп алыңыз. HEPA-сүзгісін сілкіп шаңнан тазартыңыз.
- HEPA сүзгісін 15-30 күн қолданғаннан кейін, (бұл оның пайдалану қарқындылығына байланысты) оны таза ағын судың астында жақсылап жуып-шайып шығыңыз, оны тазалау барысында ешқандай жуғыш не тазартқыш құралдарын пайдаланбаңыз. Сүзгіні шаңжинағыш контейнерге орнатпас бұрын, оны табиғи түрде құрғатыңыз, яғни бөлме температурада үтік сияқты қыздырғыш немесе кептіргіш құрылғыларды қолданбай кептіріңіз.



- Шаңжинағыш контейнерін тазалаңыз, оны тазалау үшін құрылғыны тазалауға арналған қылшақты пайдаланыңыз (құрылғының жеткізілім жиынтығына кіреді). Егер шаңжинағыш контейнері қатты ластанған болса, оны ағын судың астында жақсылап жуып-шайып шығыңыз және құрғақ мата сулықпен әбден құрғатып сүртіп алыңыз.
- Құрылғыға шаңжинағыш контейнерін және сүзгісін орнатпас бұрын, оларды жақсылап құрғатыңыз.
- Сүзгіні шаңжинағыш контейнерге орнатыңыз.
- Шаңжинағыш контейнерін жауып, өз орнына орнатыңыз.

ШАҢСОРҒЫШТЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚЫЛШАҒЫН ТАЗАЛАУ

Электрлі қылшақ оның айналмалы қылшықты білікшенің көмегімен еден мен кілем бетінен шаң мен тұрмыстық қоқысты жинауға арналған. Оның құрылымы ұзын шаш, жүнді, жіп секілді заттарды жинау үшін өнша үйлеспейді. Егер оның ішінде бітелу анықталса, құралды пайдалануды тоқтатыңыз және оның қылшықты білікшесін тазалау бойынша барлық шарттарын қолданып, тазалауды орындаңыз. **Әр тазалау үдерісін жүргізгеннен кейін, яғни шаңсорғышты әр пайдаланғаннан кейін, оның электрлі қылшағын әрдайым тазалап отырыңыз.**


Электрлі қылшақтың білікшесі шаңсорғыштың моторымен бірге бір мезетте қосылатын жеке электр жетегіне ие.

Айналмалы қылшықты білікшесін тазалау үшін, келісідей орындаңыз:





1. Шаңсорғыштың қуат көзін ажыратыңыз.
2. Шаңсорғыштың түп жағын жоғары қарай қаратып еденде орналастырып қойыңыз және оны артқы бөлігімен «өзіңізге қарата» орналастырыңыз.

3. Қылшықты білікшеге шаш пен жіптің аз мөлшері оралса, білікшені корпустан шешпей-ақ, оны өткір пышақпен немесе қайшы көмегімен оралған жіп пен шаштан босатуға болады. Ол үшін өткір пышақты қылшықты білікшеге кесу жүзімен сырт қарата қылшықтардың арасында орналастырыңыз, білікше бойымен оралған шаш пен жіпті кесіңіз. Қылшықты білікшеге оралған шаш пен жіпті кескен соң, шаш қиындылары қылшақтың корпусынан сыртқа қарай оңай шығады, сондай-ақ шаш қиындыларын оңай алып тастау үшін, қылшықты білікшені өз осі бойымен қолмен айналдыруға болады.


4. Қылшықты білікшесі қатты бітеліп қалған жағдайда, электрлі қылшақтың білікшесін бекітуге арналған жақтауын шешіп алыңыз, ол үшін ысырманың бекіткіш ілгектерінің тілдіктерін «өзіңізге қарай» сәл ғана басыңыз, жақтаудың шет жағын көтеріңіз де, содан кейін жақтауды шығарып алыңыз.



5. Қылшықты білікшесінің оң жақ бөлігін аздап жоғары қарай көтеріңіз, содан кейін оны оңға қарай тарта жетегімен іліністен шығарыңыз да, ұяшықтан алыңыз. Қылшықты білікше қылшақтың корпусынан шығарылған соң, оны қайшымен немесе өткір пышақтың көмегімен оралған шаш пен жіптерден оңай тазартуға болады.





6. Қылшықты білікшені өз орнына, қылшақтың корпусына орнатыңыз. Қылшақ корпусына қылшықты білікшенің орнатылуы кері реттілікпен орындалады.



7. Қылшақ бөлшектері мен электр жетегі қатты бітелсе, құралды бөлшектеу мен тазарту үшін авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

БҮЙІРЛІК ҚЫЛШАҚТАРЫН ТАЗАЛАУ


1. Робот-шаңсорғыштың қуат көзін ажыратыңыз.
2. Бүйірлік қылшақтардың бүлінбегеніне көз жеткізіңіз, қылшақтарда қандайда бөгде заттардың және / немесе оралған қоқыстардың бар-жоғын тексеріңіз.
3. Қажет болған жағдайда қылшақтарды шаңсорғыштан ажыратып алыңыз.
4. Бүйірлік қылшақтарды жылы суға малынған және жақсылап сығылған мата сулықпен сүртіп шығыңыз. **Әр тазалау үдерісін жүргізгеннен кейін, яғни шаңсорғышты әр пайдаланғаннан кейін, оның бүйірлік қылшақтарын әрдайым тазалап отырыңыз.**
5. Бүйірлік қылшақтар бүлінген жағдайда, оларды дер кезінде жаңа бүйірлі қылшақтарға алмастырыңыз.




ҚҰРАЛДЫҢ ДАТЧИКТЕРІН ЖӘНЕ ТҮЙІСПЕЛЕРІН ТАЗАЛАУ

- Робот-шаңсорғыштың артқы және алдыңғы дөңгелектерін жиналған қоқыстан тазалаңыз.


- Шаңсорғыштың ауа алмасатын желдеткіш саңылауын шаңнан әрдайым тазалап отырыңыз, оның ауа алмасатын желдеткіш саңылауын тазалау үшін келісідей орындаңыз: желдеткіш саңылауының торын тиын арқылы сағат тілінің бағытымен бұрап ашыңыз да, оны ілгек сияқты затпен іліп, шешіп алыңыз. Поролонды сүзгісін шығарып алыңыз да, оны шаңнан тазалаңыз – сүзгіні таза ағын судың астында жақсылап жуып-шайып шығыңыз, оны тазалау барысында ешқандай жуғыш не тазартқыш құралдарын пайдаланбаңыз. Сүзгіні құрғатыңыз, оны құрғату үшін үтік сияқты қыздырғыш немесе кептіргіш құрылғыларды қолданбаңыз, оны ауада не бөлме температурада кептіріңіз. Поролонды сүзгісін орнына орнатыңыз және желдеткіш саңылауының торын (қақпағын) жабыңыз.



- Робот-шаңсорғыштың құлап қалуын болдырмайтын сенсорларын (датчиктерін) шаңнан, ешбір механикалық әсер етүсіз, жұмсақ мата сулықпен абайлап сүртіп тазалаңыз.



- Робот-шаңсорғыштың бамперін шаңнан, ешбір механикалық әсер етүсіз, жұмсақ қылшақпен немесе мата сулықпен абайлап сүртіп тазалаңыз.



- Шаңсорғыштың табанындағы және зарядтау базасының табанында орналасқан түйіспелік алаңшаларын құрғақ жұмсақ шүберекпен тазалап шығыңыз.

- Робот-шаңсорғышты пайдалану барысында, оны ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде, яғни ол күту режимде қозғалыссыз күйінде ұзақ уақыт тұрған кезде, оның батареясын ажыратыңыз.

Шаңсорғыштың сыртқы түйіндерін, тораптарын тазалауға байланысты жұмыстар (кепілдікке жатпайды) кепілдікті сервистік қызмет көрсету жөніндегі кепілдік міндеттемелерге кірмейді.

АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Бұл кестеде құралды пайдалану барысында туындауы мүмкін, кең таралған мәселелер көрсетілген және олардың сипаттамасы келтірілген.

№	Ақауларға қатысты мәселелер	Индикациясы	Ақауларды жою тәсілдері
1	Робот-шаңсорғыштың құлап қалуын болдырмайтын сол жақтағы артқы датчигі жұмыс істемейді.	Е 001	Робот-шаңсорғыштың сол жақтағы артқы датчигін қарап шығыңыз, оған шаң, қыл сияқты бөгде заттар жабысып қалған шығар, тексеріңіз, лас болса сүртіп тазартыңыз. Датчиктің жұмыс істеу мүмкіндігін болдырмайтын, қандайда бір кедергі жасап тұрған бөгде заттардың немесе оралған қоқыстардың бар-жоғын тексеріңіз, барлық кедергі жасап тұрған бөгде заттарды немесе оралған қоқыстарды алып тастаңыз. Кедергілер болмаған кезде АСҚК орталығына хабарласыңыз.
2	Робот-шаңсорғыштың құлап қалуын болдырмайтын сол жақтағы алдыңғы датчигі жұмыс істемейді.	Е 002	Робот-шаңсорғыштың сол жақтағы алдыңғы датчигін қарап шығыңыз, оған шаң, қыл сияқты бөгде заттар жабысып қалған шығар, тексеріңіз, лас болса сүртіп тазартыңыз. Датчиктің жұмыс істеу мүмкіндігін болдырмайтын, қандайда бір кедергі жасап тұрған бөгде заттардың немесе оралған қоқыстардың бар-жоғын тексеріңіз, барлық кедергі жасап тұрған бөгде заттарды немесе оралған қоқыстарды алып тастаңыз. Кедергілер

			болмаған кезде АСҚК орталығына хабарласыңыз.
3	Робот-шаңсорғыштың құлап қалуын болдырмайтын алдыңғы датчигі жұмыс істемейді.	E 003	Робот-шаңсорғыштың алдыңғы датчигін қарап шығыңыз, оған шаң, қыл сияқты бөгде заттар жабысып қалған шығар, тексеріңіз, лас болса сүртіп тазартыңыз. Датчиктің жұмыс істеу мүмкіндігін болдырмайтын, қандайда бір кедергі жасап тұрған бөгде заттардың немесе оралған қоқыстардың бар-жоғын тексеріңіз, барлық кедергі жасап тұрған бөгде заттарды немесе оралған қоқыстарды алып тастаңыз. Кедергілер болмаған кезде АСҚК орталығына хабарласыңыз.
4	Робот-шаңсорғыштың құлап қалуын болдырмайтын оң жақтағы алдыңғы датчигі жұмыс істемейді.	E 004	Робот-шаңсорғыштың оң жақтағы алдыңғы датчигін қарап шығыңыз, оған шаң, қыл сияқты бөгде заттар жабысып қалған шығар, тексеріңіз, лас болса сүртіп тазартыңыз. Датчиктің жұмыс істеу мүмкіндігін болдырмайтын, қандайда бір кедергі жасап тұрған бөгде заттардың немесе оралған қоқыстардың бар-жоғын тексеріңіз, барлық кедергі жасап тұрған бөгде заттарды немесе оралған қоқыстарды алып тастаңыз. Кедергілер болмаған кезде АСҚК орталығына хабарласыңыз.
5	Робот-шаңсорғыштың құлап қалуын болдырмайтын оң жақтағы артқы датчигі жұмыс істемейді.	E 005	Робот-шаңсорғыштың оң жақтағы артқы датчигін қарап шығыңыз, оған шаң, қыл сияқты бөгде заттар жабысып қалған шығар, тексеріңіз, лас болса сүртіп тазартыңыз. Датчиктің жұмыс істеу мүмкіндігін болдырмайтын, қандайда бір кедергі жасап тұрған бөгде заттардың немесе оралған қоқыстардың бар-жоғын тексеріңіз, барлық кедергі жасап тұрған бөгде заттарды немесе оралған қоқыстарды алып тастаңыз. Кедергілер болмаған кезде АСҚК орталығына хабарласыңыз.

6	Робот-шаңсорғыштағы бампердің оң жағы кептеліп айқасып қалуы.	Е 006	Робот-шаңсорғыштағы бампердің кептелуінің бар-жоғын тексеріңіз, бампердің оң жағы кептеліп айқасып қалмағанына көз жеткізіңіз, кірді жойыңыз және бөгде заттарды алып тастаңыз.
7	Робот-шаңсорғыштағы бампердің сол жағы кептеліп айқасып қалуы.	Е 007	Робот-шаңсорғыштағы бампердің кептелуінің бар-жоғын тексеріңіз, бампердің сол жағы кептеліп айқасып қалмағанына көз жеткізіңіз, лас болса тазаланыз және бөгде заттарды алып тастаңыз.
8	Робот-шаңсорғыштың сол жақтағы дөңгелегінің кептеліп айқасып қалуы.	Е 008	Робот-шаңсорғыштың сол жақтағы дөңгелегін қарап шығыңыз, оның кептелуінің бар-жоғын тексеріңіз, дөңгелектің кептеліп айқасып қалмағанына көз жеткізіңіз, лас болса тазаланыз, дөңгелекке оралған қоқыстарын жойыңыз және бөгде заттарды алып тастаңыз.
9	Робот-шаңсорғыштың оң жақтағы дөңгелегінің кептеліп айқасып қалуы.	Е 009	Робот-шаңсорғыштың оң жақтағы дөңгелегін қарап шығыңыз, оның кептелуінің бар-жоғын тексеріңіз, дөңгелектің кептеліп айқасып қалмағанына көз жеткізіңіз, лас болса тазаланыз, дөңгелекке оралған қоқыстарын жойыңыз және бөгде заттарды алып тастаңыз.
10	Робот-шаңсорғыштың сол жақтағы дөңгелегі айналмайды.	Е 010	Робот-шаңсорғыштың сол жақтағы дөңгелегін қарап шығыңыз, оның кептелуінің бар-жоғын тексеріңіз, дөңгелектің кептеліп айқасып қалмағанына көз жеткізіңіз, лас болса тазаланыз, дөңгелекке оралған қоқыстарын жойыңыз және бөгде заттарды алып тастаңыз.
11	Робот-шаңсорғыштың оң жақтағы дөңгелегі айналмайды.	Е 011	Робот-шаңсорғыштың оң жақтағы дөңгелегін қарап шығыңыз, оның кептелуінің бар-жоғын тексеріңіз, дөңгелектің кептеліп айқасып қалмағанына көз жеткізіңіз, лас болса тазаланыз, дөңгелекке оралған қоқыстарын жойыңыз және бөгде заттарды алып тастаңыз.
12	Робот-шаңсорғыштың моторына қатысты мәселе туындады.	Е 012	Кедергілер болмаған кезде АСҚК орталығына хабарласыңыз .
13	Робот-шаңсорғыштың сол жақтағы бүйірлік	Е 013	Робот-шаңсорғыштың сол жақтағы бүйірлік қылшағын қарап шығыңыз,

	қылшағының кептеліп айқасып қалуы.		оның кептелуінің бар-жоғын тексеріңіз, шаңсорғыштың оң жақтағы бүйірлік қылшағының кептеліп айқасып қалмағанына көз жеткізіңіз, лас болса тазаланыз, қылшаққа оралған қоқыстарын жойыңыз және бөгде заттарды алып тастаңыз.
14	Робот-шаңсорғыштың оң жақтағы бүйірлік қылшағының кептеліп айқасып қалуы.	Е 014	Робот-шаңсорғыштың оң жақтағы бүйірлік қылшағын қарап шығыңыз, оның кептелуінің бар-жоғын тексеріңіз, шаңсорғыштың оң жақтағы бүйірлік қылшағының кептеліп айқасып қалмағанына көз жеткізіңіз, лас болса тазаланыз, қылшаққа оралған қоқыстарын жойыңыз және бөгде заттарды алып тастаңыз.
15	Робот-шаңсорғыштың шаңжинағышына қатысты мәселе туындады.	Е 015	Робот-шаңсорғыштың шаңжинағыш контейнері дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
16	Робот-шаңсорғыштың ортасындағы қылшағының кептеліп айқасып қалуы.	Е 016	Робот-шаңсорғыштың ортасындағы қылшағын қарап шығыңыз, оның кептелуінің бар-жоғын тексеріңіз, шаңсорғыштың ортасындағы қылшағының кептеліп айқасып қалмағанына көз жеткізіңіз, лас болса тазаланыз, қылшаққа оралған қоқыстарын жойыңыз және бөгде заттарды алып тастаңыз.

Тазалау барысында туындауы мүмкін мәселелердің себептерін жою.

1	Робот-шаңсорғыштың қуатталуына қатысты мәселе туындады.	Зарядтау құрылғысымен (зарядтау базасымен) байланыс жоқ. Адаптердің істікшесі зарядтау базасының тиісті істікшелі ағытпасына (зарядтау ұяшығына) жалғанған жоқ. Қолданылатын адаптер штаттық емес, яғни бұл робот-шаңсорғыштың осы үлгісінің жиынтықтылығына кірмейтін басқа бір өзге адаптер қолданылған.	Робот-шаңсорғыштың зарядтау құрылғысымен (зарядтау базасымен) байланысын тексеріңіз. Шаңсорғыштың зарядтау құрылғысын (зарядтау базасын) осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелері мен талаптарына сәйкес құрылғыға дұрыс жалғастырыңыз. Штаттық зарядтау адаптерін қолданыңыз.
2	Робот- шаңсорғыш бір орында тұрып қалды, тұрған жерінде ілгері қарай жүлқи қозғалыспен (жұлқына жылжый алмайды).	Робот-шаңсорғыштың дөңгелектердің жетегіне немесе оның қылшақтарына қоқыс немесе ұсақ заттар оралған.	Робот- шаңсорғыш автоматты түрде өзін босатуға тырысады. Егер бұл мүмкін болмаса - оған көмектесіңіз.
3	Робот-шаңсорғыш тазалау барысында тазалау жұмысын аяғына дейін жүргізбей, зарядтау базасына жылжып кетіп қалады.	Тазалау барысында робот-шаңсорғыштың аккумуляторлық батареясының қуаттандыруы жақын арада қуатсызданып таусыла бастаған кезде, робот автоматты түрде зарядтау базаға қайта оралады. Робот-шаңсорғыштың энергия шығысы / тұтынуы әртүрлі болып өзгереді, бұл едендегі жабындардың түріне байланысты.	Робот-шаңсорғышты қуаттандыру қажет. Роботтың автономды толық жұмыс жасау уақытысы бөлмедегі не үйдегі кеңістіктің күрделілігіне және жиналған қоқыстың көлеміне, сондай-ақ тазалау режиміне де байланысты.

4	<p>Робот-шаңсорғыш жоспарланған тазалауды аяқтамай қалдырды.</p>	<p>Робот-шаңсорғыштың қуат көзі ажыратылған.</p> <p>Робот-шаңсорғыштың қуаттандыруы толығымен қуатсызданып таусылды.</p> <p>Робот-шаңсорғыш қоқыспен қоршалған (бұғатталған).</p>	<p>Робот-шаңсорғышты іске қосыңыз.</p> <p>Робот-шаңсорғыш күту режимінде болған кезде, ол толығымен қуатталғанына, яғни оның кез-келген уақытта тазалау жұмысын жүргізу үшін жеткілікті қуаты бар екеніне көз жеткізіңіз.</p> <p>Робот-шаңсорғышты және оның шаңжинағыш контейнерін осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелері мен талаптарына сәйкес тазалаңыз.</p>
5	<p>Робот-шаңсорғыш қашықтан басқару пульті арқылы іске қосылмайды (тиімді қашықтық 5 метрге дейін).</p>	<p>Қашықтан басқару пультінде батареялардың қуаттандыруы толығымен қуатсызданып таусылды.</p> <p>Робот-шаңсорғыштың қуат көзі ажыратылған/ робот-шаңсорғыштың аккумуляторлық батареясының қуаттандыруы толығымен қуатсызданып таусылды.</p> <p>Қашықтан басқару пультінің инфрақызыл сәуле шығарғыш көзі ластанған.</p> <p>Инфрақызыл сәуле шығаратын басқа көздерден кедергі бар.</p>	<p>Қашықтан басқару пультіндегі ресурсы таусылған батареяларын (2 дана AAA) осы типтегі екі жаңа батареяларға алмастырыңыз.</p> <p>Робот-шаңсорғышты іске қосыңыз/ роботты қуаттандыру қажет.</p> <p>Қашықтан басқару пультінің инфрақызыл сәуле шығарғыш көзін жұмсақ матамен сүртіп шығыңыз.</p> <p>Қашықтан басқару пультін инфрақызыл сигнал шығаратын басқа құрылғылардың жанында қолданбаңыз.</p>

Назар аударыңыз! Егер де, туындаған мәселені Сіз жоғарыда сипатталған қадамдарды

қолдана отырып, өз бетіңізбен шеше алмасаңыз, тұтынушыларды қолдауға арналған авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Электр құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және 5°C-тан кем емес, салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де бұдың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Электр құрылғылардың тасымалдануы, жүк тасымалданатын нақты бір көлік түрінде әрекет ететін, жүктерді көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық түріндегі құралдарымен жүзеге асырылады. Құрылғыны тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық ораманы және қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Электр құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызуудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессиялық орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін, яғни жоғарыда аталған әсерлердің тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмау қажет.



Назар аударыңыз! Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАУАР РЕТІНДЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелер белгіленген емес.

ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PVCR 3000 Cyclonic PRO – POLARIS сауда таңбасымен шығарылған тұрмыстық электрлік робот-шаңсорғыш

Құрылғының диаметрі: 330 мм

Құрылғының биіктігі: 79 мм

Шаңжинағыш контейнердің көлемі: 600 мл

Құрылғының қуаттылығы: 65 Вт

Қоректендіру көзі: аккумуляторлық батарея **Li-on 4400 мАч 14,8В**

АКБ-ны зарядтау уақытысы: 4,5 сағатқа дейін

АКБ-ны пайдалану арқылы жұмыс уақытысы: 120 минутқа дейін

Зарядтау құрылғысы

Зарядтау құрылғының сипаттамасы:

Кіріс кернеуі: 100-240 В

Жиілігі: 50/60 Гц

Шығыс кернеуі: 19 В

Максималды тоқ жүктемесі: 1500 мА

Қорғаныс жіктелімі – 2

ҚБП-не арналған қоректендіру элементтері – ААА типті, 2 дана.

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашлық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ.

БҰЛ ӨНІМ Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (TP TC 004/2011), сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (TP TC 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растау рәсімдерінен өтті және осы техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды, сонымен бірге Кеден Одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес таңбаланған.

Сәйкестік Сертификатының тіркеу нөмірі/ сәйкестік туралы декларациясы жөнінде, сонымен бірге сертификаттың және декларациясының қолданылу мерзімі туралы мәліметтерді POLARIS бұйымды сатып алған жерде, яғни Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңыздаң немесе Өндірушінің Уәкілетті өкілінен алуыңызға болады.



Бұйымның жарамдылық (қызмет) мерзімі: 3 жыл

Кепілдік мерзімі: 24 ай

Аккумуляторлық батареяға берілетін кепілдік мерзімі: 6 ай

Өндіруші:

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД
1801Блогі 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг
Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Ресей Федерация мен Кеден Одағына мүше мемлекеттерде өндірушінің импорттаушысы және уәкілетті өкілі: "Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: Тұрмыстық электрлі робот-шаңсорғыш

Моделі PVCР 3000 Cyclonic PRO

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 24 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымның кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға беруден кейін, келесі жәйттердің нәтижесінде туындаған кемшіліктерге таралмайды, егер де:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
 - Құрылымы қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылымының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылымының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылымының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;

- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
 - Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
 - Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
4. Өндіруші төмендегі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық деректері жойылған, жойылып кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдардың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.
 5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: www.polar.ru

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттары толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен орнын растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

Бұйымның өңделіп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан.